

Ualikhanova Ainur* – PhD student, "8D11120 Cultural and leisure activities" educational program, M.Auezov South Kazakhstan University, Republic of Kazakhstan, 160011, Shymkent, 68 Kunayev Ave., tel.: +7-701-675-64-37, e-mail: u_ainura@mail.ru.

Abuov Amrekul Yergeshovich – PhD, Professor of the Department of cultural and social activities, M.Auezov South Kazakhstan University, Republic of Kazakhstan, 160011, Shymkent, 68 Kunayev Ave., tel.: +7-701-929-22-27, e-mail: nauka.kz@mail.ru.

Kaya Kamil – PhD, Professor of the Department of sociology, Gelishim University, Turkey, 34000 Istanbul, Avclar, Cihangir, 3 Shehit Jean Com. Ercan Oner Str., tel.: +90(533)7292385, e-mail: kakaya@gelisim.edu.tr.

XFTAP 14.31.09

ӨОЖ 384.2

<https://doi.org/10.52269/RWEP2522285>

ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ҚҰРАЛЫ РЕТІНДЕ

Уристенбекова Г.Қ.* – педагогика ғылымдарының кандидаты, бастауышта оқыту әдістемесі кафедрасының аға оқытушысы, Ө.Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті, Шымкент қ., Қазақстан Республикасы.

Кошкарлова М. – магистр, педагогика кафедрасының аға оқытушысы, Орталық Азия Инновациялық университеті, Шымкент қ., Қазақстан Республикасы.

Жорокпаева М.Д. – педагогика ғылымдарының кандидаты, жалпы білім беру пәндері кафедрасы доцентінің м.а., Семей медицина университеті, Семей қ., Қазақстан Республикасы.

Абилхаирова Ж.А. – педагогика ғылымдарының кандидаты, Педагогика, психология және бастауыш оқыту әдістемесі ББ қауымдастырылған профессоры, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда қ., Қазақстан Республикасы.

Қазіргі білім беру процесінде білім алушының дүниетанымын байыту, адамгершілік қасиеттерін арттыру, ұлттық ұстанымы мен ұлттық код бейнесін қалыптастыру – маңызды зерттеулердің бірі. Зерттеудің өзектілігін, теориялық негіздерін анықтауда нормативтік құжаттарға және ғылыми зерттеулерге талдау жүргізіліп, «ұлттық құндылық» ұғымының мәні нақтыланды. Мақалада ұлттық құндылықтарды қалыптастыруға ықпал ететін цифрлық технологияларды қолдану, мәдени мұраларды виртуалды мұражай әдістері арқылы талдау, педагогикалық іс-шараларды жүйелі түрде ұйымдастыру мәселесі қарастырылған. Зерттеудің мақсаты – цифрлық технологияларды болашақ педагог-психологтардың ұлттық құндылықтарын қалыптастырудың құралы ретінде қарастыру. Тәжірибелік-эксперименттік жұмыс 2023-2024 оқу жылының I-ші семестрінде жүргізілді. Зерттеуге ЖОО-ның 3 курс білім алушылары қатысты. Зерттеу барысында білім алушылардың зерттеу мәселесіне қатысты ой-пікірлері мен көзқарастарын білу мақсатында авторлық сауалнама алынды. Сауалнамада Ликерт шкаласы қолданылды. Тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың анықтау кезеңінде – сауалнама алынды; қалыптастыру кезеңінде – ұлттық құндылықтарды қалыптастыруға бағытталған 12 сағаттан тұратын әдістемелік семинардың бағдарламасы әзірленіп, оқу процесінде іске асырылды; бақылау кезеңінде – әдістемелік семинардың тиімділігін анықтау мақсатында сауалнама қайта алынып, нәтижесі ұсынылды. Біз ұсынған әдістемелік семинардың тиімділігі дәлелденді.

Түйінді сөздер: ұлттық сана, мәдени мұра, виртуалды мұражай, идея, ұлттық бағдар, құндылық.

ЦИФРОВЫЕ ТЕХНОЛОГИИ КАК ИНСТРУМЕНТ ФОРМИРОВАНИЯ НАЦИОНАЛЬНЫХ ЦЕННОСТЕЙ ОБУЧАЮЩИХСЯ

Уристенбекова Г.Қ.* – кандидат педагогических наук, старший преподаватель кафедры методики начального обучения, Южно-Казахстанский государственный университет им. У. Жанибекова, г. Шымкент, Республика Казахстан.

Кошкарлова М. – магистр, старший преподаватель кафедры педагогики, Центрально-Азиатский инновационный университет, г. Шымкент, Республика Казахстан.

Жорокпаева М.Д. – кандидат педагогических наук, и.о. доцента кафедры общеобразовательных дисциплин, Медицинский университет Семей, г. Семей, Республика Казахстан.

Абилхаирова Ж.А. – кандидат педагогических наук, ассоциированный профессор ОП «Педагогика, психология и методика начального обучения», Кызылординский университет имени Коркыт Ата, г. Кызылорда, Республика Казахстан.

В современном образовательном процессе одним из важнейших исследований является обогащение мировоззрения обучающегося, повышение нравственных качеств, формирование национальной позиции и образа национального кода. С целью определения актуальности теоретических основ исследования проведен анализ нормативных документов и научных исследований, уточнено значение понятия «национальная ценность». В статье рассматривается проблема использования цифровых технологий, способствующих формированию национальных ценностей, анализа культурного наследия с помощью методов виртуального музея, систематической организации педагогических мероприятий. Цель исследования – рассмотреть цифровые технологии как средство формирования национальных ценностей будущих педагогов-психологов. Опытно-экспериментальная работа проводилась в I семестре 2023-2024 учебного года. В исследовании приняли участие обучающиеся 3 курса вуза. В ходе исследования был проведен авторский опрос с целью выяснения отношения обучающихся к проблеме исследования. В опросе использовалась шкала Ликерта. На этапе определения опытно-экспериментальной работы – опрос; на этапе формирования – в учебном процессе разработана и реализована программа методического семинара продолжительностью 12 часов, направленная на формирование национальных ценностей; на контрольном этапе – с целью определения эффективности методического семинара опрос был проведен повторно и представлен результат. Эффективность предложенного нами методического семинара доказана.

Ключевые слова: национальное сознание, культурное наследие, виртуальный музей, идея, национальная ориентация, ценность.

DIGITAL TECHNOLOGIES AS A TOOL FOR SHAPING STUDENTS' NATIONAL VALUES

Urstenbekova G.K. – Candidate of Pedagogical Sciences, Senior Lecturer of Department of primary education methodology, Ozbekali Zhanibekov South Kazakhstan Pedagogical University, Shymkent, Republic of Kazakhstan.*

Koshkarova M. – Master, Senior Lecturer of Department of pedagogy, Central Asian Innovation University, Shymkent, Republic of Kazakhstan.

Zhorokpayeva M.D. – Candidate of Pedagogical Sciences, acting Associate Professor of the Department of general education disciplines, Semey Medical University, Semey, Republic of Kazakhstan.

Abilkhairova Zh.A. – Candidate of Pedagogical Sciences, Associate Professor of the “Pedagogy, psychology and primary education methodology” educational program, Korkyt Ata Kyzylorda University, Kyzylorda, Republic of Kazakhstan.

One of the most important studies in the modern educational process is the enrichment of the student's worldview, the improvement of moral qualities, the formation of the national stance and the representation of the National Code. In establishing the relevance and theoretical foundations of the study, an analysis of regulatory documents and scientific literature was conducted, and the essence of the concept of "national value" was explored.

The article discusses the use of digital technologies that contribute to the formation of national values, the analysis of cultural heritage through virtual museum methods, the systematic organization of pedagogical events. The research purpose is to consider digital technologies as a means of forming the national values of future educational psychologist. Experiment was carried out in the first semester of the 2023-2024 academic year. The study included 3rd year undergraduates. As part of the study, an original survey was conducted to gather students' opinions and perspectives on the research topic. The survey used the Likert scale. At the initial stage of the experimental work, a survey was conducted; at the development stage, a 12-hour methodological seminar program aimed at fostering national values was designed and integrated into the educational process; at the evaluation stage, to assess the effectiveness of the seminar, a follow-up questionnaire was administered, and the results were analyzed. The effectiveness of the methodological seminar introduced by the authors has been substantiated.

Key words: national consciousness, cultural heritage, virtual museum, idea, national orientation, value.

Қысқашты. ҚР Президенті Қ.Тоқаев Ұлттық құрылтайда жалпыұлттық деңгейде ойлауға, ұлттық құндылықтардың назардан тыс қалмауын сөз етіп, сол арқылы адамгершілік, еңбекқорлық, ел мен жерге жанашырлық сияқты асыл қасиеттерді ұрпақтың бойына сіңірудің қажеттілігін атап өтті [1]. Бұл ұлттық құндылыққа толы тұлғаны қалыптастыруды меңзейді. Осы ретте, елімізде ұлттық киімді, көне жәдігерлерді, отбасы құндылықтарды, ұлттық дәстүрді насихаттауға және мәдени кодымызды сақтауға бағытталған іс-шараларды іске асырудың қажеттілігін көрсетеді.

Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының ұсынған әдістемелік нұсқауда: «ұлттық құндылық – бұл тарихи тағдырдың, мәдениеттің және тілдің ортақтығы негізінде адамдарды біріктіретін идеялар, нормалар мен дәстүрлердің жиынтығы» [2, 15 б.] деп көрсетілген. Бұл білім алушының

дүниетанымын байытуда, адамгершілік қасиеттерін арттыруда, ұлттық ұстанымы мен ұлттық код бейнесін қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Олай болса, ұлттық құндылықтарды дәріптеу, салт-дәстүрлерді сақтау, адамгершілік құндылықтарды қастерлеу, оларды білім алушының бойына сіңіру, құндылық бағдарларын дұрыс қалыптастыруда білім беру мекемелерінің орны ереше. Ұлттық құндылықтарды қалыптастыру мәселесі маңызды зерттеулердің бірі. Себебі, білім алушының кемелдену идеясы ұлттық құндылықтардың кешені арқылы көрініс табады. Бұл рухани-адамгершілік құндылықтарды, жауапкершілік пен зияткерлік білімді игеру, патриоттық және азаматтық қабілеттерімен ерекшеленеді. Білім алушының қоғамдағы орны мен мәдениеті ұлттық құндылық арқылы көрініс табады.

«Ұлттық құндылық» ұғымы ұлттық болмыс, мүдде, сана және идея ұғымдарымен тығыз байланыста қарастырылады. Ұлттық сана ұлттық мәдениет құндылықтарын сақтап, ұлттық мүддені қорғауға ықпал етіп, ұлттық құндылықтардың жүйесін енгізеді. Бұл дегеніміз ұлттың мақсаты мен миссиясы, құндылықтары мен дүниетанымы ұлттық сана арқылы өлшенеді. Осы тұста, ұлттық санасы мен мүддесін жоғалтпаған, танымы биік, ұлттық құндылығы қалыптасқан, білімі терең тұлғаны қалыптастыру бүгінгі қоғам талап етеді. Олай болса, білім беру процесінде білім алушының бойына ұлттық құндылықтарды қалыптастыру маңызды болып табылады. Білім алушының бойына салт-дәстүр, ұлттық құндылықтарды қалыптастыруда ұлттық бірегейліктің алатын орны ерекше. Ұлттық бірегейлік арқылы ұлттық сананы қалыптастыруға септігін тигізеді. Демек, ұлттық құндылықтары қалыптаспаған қоғамның ұлттық мәдениеті, тарихы, тілі мен діні, ұлттық ерекшеліктері дамуы мүмкін емес.

Олай болса, біз білім алушылардың ұлттық құндылықтарын цифрлық технологиялар негізінде қалыптастыратын боламыз. Осы ретте, «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасында адами капиталды дамытуда цифрлық технологияларды қолданудың маңыздылығы қарастырылған. Талдамалар нәтижесі көрсеткендей, халықтың цифрлық сауаттылығының деңгейі 76,2 пайызды құрап отыр [3, 30 б.]. Бұл ретте, білім беру процесінде цифрлық технологияларды қолданудың қажеттілігі туындап отыр.

Демек, сапалы білім беру – білім саласындағы басты мақсат. Цифрлық технологиялар осы мақсатқа жетудің маңызды құралына айналды. Бұл технологиялар білім беру сапасын арттыра отырып, білім алушылардың кәсіби қызметте қажет ететін қабілеттерін дамытуға көмектеседі [4, 275 б.]. Сондай-ақ, цифрлық технологиялар сыныптағы атмосфераны жақсартуға, білім мазмұнын жасауға, ынтымақтастық қатынас орнатуға, бір-бірінің жұмысын бағалауға ықпал етеді.

Біздің зерттеуімізге жақын келетін еңбектердің бірі А.Жұмабаева және т.б. бірлескен ғалымдар өз зерттеуінде мобильді қосымшаларды қолдану арқылы білім алушыларға ұлттық құндылықтарды дәріптеу мүмкіндіктерін қарастырды [5, 91 б.]. Зерттеу барысында ұсынылған мүмкіндіктердің бірі – білім беру. Демек, цифрлық технология заманында ұлттық құндылықтарды насихаттайтын, мәдениет, өнер, дәстүр, тарих туралы мазмұнды ақпараттарды оқу процесінде қолдану ұлттық сананы оятуға мүмкіндік беретіні сөзсіз деп білеміз. Олай болса, цифрлық технологиялар білім алушылардың ұлттық құндылықтарына ықпал ететін құралдардың бірі болып табылады [6, 153 б.].

Ендеше, цифрлық технологияларды қолдану білім беру процесін жетілдіруге және білім алушылардың интеллектуалды болуына ықпал етеді [7, 45 б.]. Заман ағымына қарай өзгеріп отыратын технологияларды ескере отырып, білім алушыларды цифрлық дағдылармен қамтамасыз ету біздің міндетіміз.

Мақаланың мақсаты: цифрлық технологияларды білім алушылардың ұлттық құндылықтарын қалыптастырудың құралы ретінде қарастыру.

Мақаланың міндеттері: «Ұлттық құндылық» ұғымының мәні мен мазмұнын нақтылау; ұлттық құндылықтарды қалыптастыру мәселесі бойынша ғылыми зерттеулерге шолу жасау; оқу процесінде цифрлық технологиялардың түрлерін анықтау; ұлттық құндылықтарды қалыптастыруда цифрлық технологияларды қолданудың жолдары туралы көзқарастарын білуге бағытталған сауалнама нәтижелерін ұсыну; білім алушылардың ұлттық құндылықтарын қалыптастыруда цифрлық технологияларды қолдануға бағытталған 12 сағаттан тұратын әдістемелік семинардың бағдарламасын әзірлеу.

Зерттеу мәселесін қарастыру барысында «ұлттық құндылық» ұғымының мәні мен мазмұнын зерттеген ғалымдардың еңбектеріне талдау жүргізілді. Қазақстанда ұлттық құндылықты қалыптастырудың жолдары мен ерекшеліктерін анықтап, оқу-тәрбие процесінде патриоттық, отансүйгішілік, ұлтжандылық құндылықтарға баулу мәселесін ғылыми-теориялық тұрғыдан жан-жақты зерттеген Қ.Т. Өтемова [8], А.М. Жумакова [9], Л.С. Майлыбаева [10], С. Нишанбаеваның [11] және т.б. ғалымдардың еңбектерінде көрініс табады.

Н.Ш. Абдуллаева өз зерттеуінде ұлттық құндылықты адам ойының жоғары деңгейі екендігін атап өтті. Оның пікірінше, ұлттық құндылыққа этнос, дәстүр, мораль, құқықтық білім мен әлеуметтік рухани өмір секілді құндылықтар жатады [12, 27 б.]. Автор ұлттық құндылықтар арқылы ойдың биіктігін сипаттайтын рухани адамгершілік сапаларды қалыптастыруды, ұлы ойшылардың ұлттық идеяларын этнопедагогикалық тұрғыда зерттеуді, халықтың мәдени мұраларын талдауды көздеді. Бұл біз көтеріп отырған мәселенің негізгі идеясына сәйкес келеді.

Г.Н. Джонисованың ойынша, ұлттық құндылыққа әр бір ұлт өміріндегі ең құнды әрі маңызды деп санайтын қасиеттер жатады [13, 28 б.]. Себебі, әрбір ұлттың этносы мен мәдениеті, тұлғаның ішкі мәдениетінің іргетасы ұлттық құндылықтардың көрінісі болып табылады.

Зерттеулерді талдай келе, «ұлттық құндылықтың тізіміне не кіреді?» деген сұрақтың қойылуы заңдылық. Әдебиетті шолу барысында ұлттық құндылыққа «Жеті қазына», дала еркіндігі, тәуелсіздік, ана тілі, ұлттық мәдениет, ұлттық өнер, ұлттық қасиеттер (ар-намыс, ұят, адалдық, адамгершілік және т.б.), ұлттық сана және т.б. кіреді. Олай болса, ұлттық құндылық – халықтың мәдени тарихы, рухани тәжірибесі, ұлттық идеясы, ұлттық санасы, мінез-құлық үлгілерінің жиынтығы [2, 38 б.].

Біз зерттеу барысында ұлттық құндылықтарды цифрлық технологиялар арқылы қалыптастыру мәселесін қарастыратын боламыз. Осыған байланысты, ұлттық құндылықтарды қалыптастыруға ықпал ететін цифрлық технологияларды қолдану, мәдени мұраларды виртуалды мұражай әдістері арқылы талдау, педагогикалық іс шараларды жүйелі түрде ұйымдастыру мәселесін зерттеудің қажеттілігі туындайды.

Сондықтан бұл зерттеу білім алушылардың ұлттық құндылықтарын қалыптастыруда цифрлық технологиялардың әсерін зерттеуге бағытталған.

Ендеше, зерттеу мәселесі келесідей *зерттеу сұрақтарын* ұсынады:

- Цифрлық технологиялардың ұлттық сана, ұлттық болмысты қалыптастыруға әсері қандай?

- Білім алушылар ұлттық мәдениет, ұлттық өнер, ұлттық қасиеттер, ұлттық сана құндылығын қалай қабылдайды?

Материалдар мен әдістер. Зерттеу барысында «ұлттық құндылық» ұғымын зерттеген ғалымдардың ғылыми еңбектеріне шолу жасалып, сауалнама әдісі қолданылып, зерттеу нәтижелеріне талдау жүргізілді.

Білім алушылардың ұлттық құндылықты цифрлық технологиялар арқылы қалыптастыру мәселесіне қатысты ой-пікірлері мен көзқарастарын білу мақсатында авторлық сауалнама алынды. Сауалнамада Ликерт шкаласы қолданылды.

Сауалнаманың мақсаты: ұлттық құндылықтарды қалыптастыруда цифрлық технологиялардың қажеттілігін анықтау. Сауалнама сұрақтарының мазмұны:

Ұлттық құндылықтарды қалыптастырады:

1 Цифрлық технологияларды қолдану;

2 Әлеуметтік желілер арқылы ұлттық мәдениетке қатысты бейнематериалдарды қолдану;

3 Салт-дәстүр, өнер, мәдениет, тарих туралы бейнематериалдар түсіру;

4 Ұлттық мәдениет, ұлттық мүдде, ұлттық идеяға қатысты мобильді қосымшалар мен веб-сайттарды білім беру процесінде қолдану;

5 Виртуалды мұражайға саяхат ұйымдастыру;

6 VR және AR арқылы тарихи жерлерді көру.

Сауалнамада ұсынған пікірге респонденттердің қаншалықты келісетіні немесе келіспейтіні бағаланды. Сауалнама жауаптары: толық келісемін, жартылай келісемін, келіспеймін, жартылай келіспеймін, толықтай келіспеймін. Сауалнаманың мазмұнында ұлттық құндылықты қалыптастыруда виртуалды мұражай, бейнематериалдар, мобильді қосымшаларды құрал ретінде қолданудың маңыздылығы қарастырылған.


Нәтижелер мен талқылау. Тәжірибелік-эксперименттік жұмыс 2023-2024 оқу жылының 5-ші семестрінде жүргізілді. Зерттеуге ЖОО-ның 3 курс білім алушылары қатысты.

Зерттеудің анықтау кезеңінде – білім алушылардан сауалнама алынып, нәтижесі төмендегідей көрсеткіштерді көрсетті (1 кесте).

1 кесте – Респонденттердің жауаптары

Пікір	Жауаптар				
	Толықтай келіспеймін	Жартылай келіспеймін	Келіспеймін	Жартылай келісемін	Толықтай келісемін
	1	2	3	4	5
Ұлттық құндылықтарды қалыптастыру					
1 пікір	16,7% (5)	13,3% (4)	36,6% (11)	16,7% (5)	16,7% (5)
2 пікір	10% (3)	10% (3)	43,3% (13)	20% (6)	16,7% (5)
3 пікір	13,3% (4)	20% (6)	33,3% (10)	16,7% (5)	16,7% (5)
4 пікір	10% (3)	20% (6)	40% (12)	13,3% (4)	16,7% (5)
5 пікір	16,7% (5)	20% (6)	43,3% (13)	13,3% (4)	6,7% (2)
6 пікір	16,7% (5)	16,6% (5)	40% (12)	10% (3)	16,7% (5)

Зерттеу барысында анықталған сандық көрсеткіштердің нәтижесі диаграмма түрінде сипатталған (1 сурет).



1 Сурет – Сауалнаманың нәтижелері (анықтау кезеңі)

Нәтижелерді талдау: 1-ші пікірге толықтай келісемінжәне толықтай келіспеймін 16,7 пайызды; 2-ші пікір бойынша келіспеймін 43,3 пайызды; 3-ші пікір бойынша келіспеймін 33,3 пайызды; 4-ші пікір бойынша келіспеймін 40 пайызды; 5-шы пікір бойынша келіспеймін 43,3 пайызды; 6-шы пікір келіспеймін 40 пайызды құрады. Бұл нәтижелерден біздің түсінгеніміз білім алушылардың басым бөлігі ұлттық құндылықтарды цифрлық технологиялар арқылы қалыптастыруға мүмкіндіктің жоқтығын және 40 пайызға жуық шамасы келіспейтінін көрсетіп отыр. Олай болса, ұлттық құндылықтарды қалыптастыруда цифрлық технологияларды құрал ретінде қолдануға болатынын келесі кезеңде іске асырамыз.

Зерттеудің қалыптастыру кезеңінде – білім алушылардың ұлттық құндылықтарын қалыптастыруда цифрлық технологияларды қолдандық. Осы ретте, білім алушыларға арналған әдістемелік семинардың бағдарламасы әзірленді. Бағдарлама 12 сағаттан тұрады. Оның өткізу формасы кіріспе лекция, пікірталас, зерттеу семинары, жоба, бейне дәріс, саяхат, виртуалды тур ретінде ұйымдастырылды. Бағдарламаның күнтізбелік-тақырыптық жоспары төмендегідей (2 кесте):

2 кесте – Бағдарламаның тақырыптық-күнтізбелік жоспары

№	Атауы	Мазмұны	Сағат саны	Өткізу формасы
I Нормативтік модуль				
1	Кіріспе	Әдістемелік семинардың мақсаты мен міндеттерін айқындау	1	Кіріспе лекция
2	Ұлттық құндылықтар кешені	Ұлттық құндылықтың философиялық тұрғыда негізделуі. Ұлттық мүдде, сана, болмыс туралы түсінік.	1	Пікірталас
II Мазмұндық модуль				
3-4	Алаш ардақтыларының педагогикалық және психологиялық көзқарастары	М.Дулатовтың, Ж.Аймауытовтың, Ө.Жәнібековтың ұлттық мәдениетті, ұлттық сананы, ұлттық дәстүрді дәріптеу идеясы	2	Зерттеу семинар
5-6	Ұлттық құндылықтарды насихаттаудағы цифрлық технологиялар	Ұлттық құндылықтарды насихаттаудағы цифрлық технологияларды қолданудың мүмкіндіктері	2	Жоба
7-8	Ұлттық мәдениетке қатысты мобильді қосымшалар мен веб-сайттарды қолдану	Тарихи жерлер мен ұлы тұлғалардың қызметі мен өмірі туралы видео және аудио жазбалар, подкаст және т.б. қолданудың мүмкіндіктері.	2	Бейне дәріс
III Технологиялық модуль				
9-10	Тарихи жерлерді VR және AR технологиялары арқылы көру	Тарихи жерлерді дәріптеу.	2	Саяхат

1-кестенің жалғасы

11-12	Виртуалды мұражай туры	Ұлттық құндылықтар мұражайы: «Жидебай-Берілі» мемлекеттік мұражайы, Ө.Қастеев атындағы мемлекеттік өнер мұражайы және т.б. саяхат ұйымдастыру	2	Виртуалды тур
Барлығы			12 сағат	

Бағдарламаның мазмұнын құруда тарихи қағидат, жүйелілік қағидат, көшенділік қағидат, субъективтілік және интегративті қағидаттар негізге алынды. Демек, әдістемелік семинардың мазмұны тарихи мәдениетті зерттеуге, ұлттық сананы қалыптастыруға, оқу-процесінің белсенді мүше болуын қамтамасыз етіп, пәнаралық интеграция тұрғысынан жүйелі түрде ұсынылуымен сипатталады.

Әдістемелік семинарда қарастырылған модульдерге тоқталайық:

I МОДУЛЬ. Әдістемелік семинардың мақсаты мен міндеттері, күтілетін нәтижелерін айқындау; ұлттық құндылық, цифрландыру жағдайында білім беру процесінде цифрлық технологияларды қолдану мәселесіне қатысты нормативтік құжаттарды қарастыру; ұлттық құндылықтарды қалыптастырудың философиялық, психологиялық-педагогикалық негіздерін айқындау; «ұлттық мүдде», «ұлттық сана», «ұлттық болмыс» ұғымдарының мәні мазмұнын нақтылу; Алаш тұлғаларының даналық сөздері, толық адам бейнесін қалыптастыру жолдары, этникалық компоненттерді игерту, ұлттың рухани мәдениетін қалыптастыру ұлттық идея, ұлттық код және т.б. мәселелерді талдау.

II МОДУЛЬ. Алаш ардақтыларының педагогикалық және психологиялық көзқарастарын талдау; ұлттық құндылықтарды насихаттаудағы цифрлық технологияларды, мобильді қосымшаларды қолданудың мүмкіндіктерін анықтау; тарихи жерлер мен ұлы тұлғалардың қызметі мен өмірі туралы видео және аудио жазбалар, подкаст және т.б. қолданудың мүмкіндіктерін қарастыру.

III МОДУЛЬ. VR және AR технологияларының мүмкіндіктерін қарастыру; тарихи жерлерді VR және AR технологиялары арқылы дәріптеу. Ұлттық құндылықтар мұражайларына «Жидебай-Берілі» мемлекеттік мұражайы, Ө.Қастеев атындағы мемлекеттік өнер мұражайы және т.б. саяхат ұйымдастыру. Тарихи жәдігерлерді насихаттау жұмыстарын іске асыру. Мұражайдағы бұйымдарды зерттеу, өнер туындыларының ұлттық болмысын талдау.

Бұл ретте, I, II, III модульде ұсынылған тақырыптардың барлығы дерлік ұлттық құндылықтарды дәріптеуге бағытталған.

Мәселен, Алаш ардақтыларының педагогикалық және психологиялық көзқарастарын насихаттауда ұлт жанашыры М. Дулатовтың, Ж. Аймауытовтың, Ө. Жәнібековтың ұлттық мәдениетті, ұлттық сананы, ұлттық дәстүрді дәріптеу идеясын іске асыруда цифрлық технологиялар қолданылады. Ұлт жанашырларының қызметі мен өмірі ұлттық мәдениет мен өнердің өркендеуіне, ұлттық сананың қалыптасуына ықпал етеді. Бұл тетіктерді цифрлық технологиялар арқылы жүзеге асыруға мүмкіндік бар. Демек, ұлт жанашырларының ұлттық мәдениет, ұлттық құндылық, ұлттық болмыс туралы көзқарастарын насихаттау үшін цифрлық технологиялардың маңызы зор деп білеміз. Ұлттық құндылықтарды дәріптеуге бағыттайтын цифрлық технологияларды оқу әрекетінде ұйымдастыру білім алушылардың рухани азығына әсер етіп, олардың жан дүниесін тәрбиелеуге мүмкіндік береді.

Қазіргі заманда ұмыт болып жатқан ұлттық дәстүрлерді дәріптеуде цифрлық технологиялардың алатын орны ерекше. Білім алушылар цифрлық технологияларды қолдану арқылы сыралғы, көгентүп, жиенқұйрық, бесіре атау, нәзір, үме және т.б. туралы дәстүрлермен таныса алады. Сондай-ақ, білім алушылар ұлттық дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарға арналған контент әзірлеп, оны зерттеп, сипаттап іске асырады. Осы орайда, ұлттық құндылықтарды қалыптастыруда мобильді қосымшаларды және веб-сайттарды қолдану тиімді. Мобильді қосымшалар ұлттық құндылықтарды қалыптастыруда біршама мүмкіндіктерге ие: білім беру процесінде қолдануға, ақпаратты тез алуға, байланыс орнауға және т.б. Яғни, тарихи жерлер мен ұлы тұлғалардың қызметі мен өмірі туралы ақпарат алуға, ұлы тұлғалардың қазақ қоғамына қосқан үлестерін насихаттауда маңызы зор.

Ендеше, білім беру процесінде цифрлық технологияларды қолданудың нәтижесінде қашықтықта орналастырылған мәдени орындармен, тарихи жәдігерлермен танысуға мүмкіндік бар. Бұл тарихи мұраға, ұлттық мүддеге толы, бай ұлттық құндылықтардың бірі болып табылады. Осы тұста, тарихи жәдігерлерді дәріптеуде виртуалды мұражай турының ұйымдастыру білім алушылардың ұлттық болмысын тануға, ұлттық санасын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Мәселен, ғылыми-танымдық, мәдени мұражайлардың бірі «Жидебай-Берілі» мемлекеттік мұражайы (<https://abai-museum.kz/panorama/borili/>). Бұл мұражайда Абайдың өмірі мен шығармашылығы көрініс табады. Оның әдеби мұрасы мен қызметі, сол заманның тіршілігін суреттейтін қолжазбалары, бұйымдары және т.б. қазақ елінің ұлттық болмысын сипаттайды. Бұл тарихи жәдігерлер тарих, дәстүр, өнерге бағытталған құндылықтарды қалыптастыруға ықпал етеді. Сонымен қатар, Ө.Қастеев атындағы мемлекеттік өнер мұражайы сәулет өнері, ұлттық бейнелеу өнерін зерттеуге бағытайды (<https://culturemap.kz/kk/object/gosudarstvennyiy-muzeiy-iskusstv-im-a-kasteeva>). Мұражайдағы бұйымдарды зерттеу, өнер туындыларын тану барысында ұлттық болмыстың үні байқалады. Мәселен: «Дала аруы» атты картинаның


бейнесінде қазақ елінің еркіндігі мен рухы биік тарихы суреттеледі. Демек, ұлттық сананы қалыптастыруда, ұлттық құндылықты дәріптеуде бұл бұйымдардың алатын орны ерекше деп білеміз. Сондай-ақ, ұлттық рухты, еріктік пен жігерді, салмақтылық пен сабырлылықты, ар-намыс пен абыройды, ұяңдылық пен нәзіктікті сипаттайтын туындыларды дәріптеу ұлттық құндылықтарды қалыптастыратыны сөзсіз деп білеміз. Бұл әдістемелік семинарды іске асыру барысында онлайн мұражай 3D тур, мобильді қосымшалар, «Qazaqculture» онлайн-платформа (<https://qazaqculture.com/kk#>) және т.б. түрлері қолданылды.

Жалпы, біз ұйымдастырған 12 сағаттық әдістемелік семинардың тиімділігін анықтау мақсатында білім алушыларға қайта сауалнама ұсынылды. Бақылау кезеңіндегі сауалнама нәтижелері төмендегідей көрсеткіштерді көрсетті (3 кесте):

3 кесте – Респонденттердің жауаптары

Пікір	Жауаптар				
	Толықтай келіспеймін	Жартылай келіспеймін	Келіспеймін	Жартылай келісемін	Толықтай келісемін
	1	2	3	4	5
Ұлттық құндылықтарды қалыптастыру					
1 пікір	6,7% (2)	13,3% (4)	6,7 % (2)	40% (12)	33,3% (10)
2 пікір	6,7 % (2)	10% (3)	3,3% (1)	43,3% (13)	36,7% (11)
3 пікір	6,7 % (2)	13,3% (4)	6,7 % (2)	33,3% (10)	40% (12)
4 пікір	3,3% (1)	10% (3)	6,7 % (2)	40% (12)	40% (12)
5 пікір	6,7 % (2)	16,7% (5)	3,3% (1)	43,3% (13)	30% (9)
6 пікір	6,7 % (2)	13,3% (4)	6,7 % (2)	33,3% (10)	40% (12)

Зерттеу барысында анықталған сандық көрсеткіштердің нәтижесі диаграмма түрінде сипатталған (сурет 2).



2 сурет – Сауалнаманың нәтижелері (бақылау кезеңі)

Бақылау кезеңіндегі нәтижелерді талдау: цифрлық технологияларды қолдану арқылы ұлттық құндылықтарды қалыптастыруға болады деген пікірге 40 пайызы жартылай келісемін деген жауапты таңдады; ұлттық құндылықты әлеуметтік желілер арқылы ұлттық мәдениетке қатысты бейнематериалдарды қолдану арқылы қалыптастыруға мүмкіндік бар екеніне 43,3 пайыз білім алушы жалтылай келісетінін көрсетті; салт-дәстүр, өнер, мәдениет, тарих туралы бейнематериалдар түсіру арқылы ұлттық құндылықтарды қалыптастыруға болады деген пікірге басым бөлігі 40 пайызы толықтай келісетінін көрсетті; ұлттық құндылыққа бай веб-сайттар арқылы қалыптастыру деген пікірге 40 пайызы толық келісетінін; виртуалды мұражайға саяхат ұйымдастыру, VR және AR арқылы тарихи жерлерді көру арқылы ұлттық құндылықтарды қалыптастыра аламыз деген пікірге 40 пайызы толық келісетінін, 33,3 пайызы жартылай келісетінін көрсетті. Бұл дегеніміз біздің 12 сағаттан тұратын әдістемелік семинардың тиімділігін дәлелдейді.

Бұл зерттеуде цифрлық технологиялар білім алушылардың ұлттық құндылықтарын қалыптастыратын құралы ретінде қарастырылды. Зерттеудің нәтижелері көрсетіп отырғандай цифрлық технологияларды оқу процесінде іске асырудың мүмкіндіктері бар екені анықталды.

Рыбаков және қосалқы авторлар, цифрлық технологиялардың қарқынды өсуі кезінде адам негізгі құндылықтарды сақтауы қажет деп есептейді [14, 562 б.]. Цифрлық дәуірде дәстүрлі құндылықтардың мазмұнын жаңа әлеуметтік шындыққа бейімдеуден тұрады. Бұл цифрлық технологиялардың қарқын түрде жанданып жатқандығының белгісі.

Нәтижелер көрсеткендей, оқу процесінде білім алушылар ұлттық құндылықтарды қалыптастыруда цифрлық технологияларды құрал ретінде қолдануға, мәдени-тарихи жәдігерлерді, салт-дәстүрді, ұлт ұстаздарының көзқарастарын насихаттауға бағытталған контент әзірлеуге және ұстануға дайын. Анықтау және бақылау кезеңіндегі нәтижелер айтарлықтай айырмашылықтарды көрсетті. Виртуалды технологиялар, мобильді қосымшаларды білім алушылар ұлттық құндылықтарды дәріптеу, оны насихаттау, тарихи деректерді жинау үшін маңызды екенін бағалады. Дегенмен де, цифрлық технологияларды қолдану және оны оқу-тәрбие процесінде іске асыруы түпкілікті білім алушының қабылдауына тікелей байланысты.

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей виртуалды мұражай әдісі ұлттық рухты сипаттайтын еріктік пен жігерді, салмақтылық пен сабырлықты, ар-намыс пен абыройды, ұяңдылық пен нәзіктікті сипаттайтын туындыларды дәріптеуде мүмкіндік беретін ұлттық құндылыққа бай тарихи жәдігерлерді, мәдени ескерткіштерді, сәулет өнерін ұсынады. Бұл платформалар оқытуды жекелеңдіруді және жылдам ақпаратты қамтамасыз ету үшін қолданылады. Цифрландыру жағдайында ұлттық құндылықтарды виртуалды мұражай әдісі арқылы қалыптастыр мәселесіне бағытталған зерттеулер аз екенін байқадық. Осы ретте, Л.М. Умиралиеваның зерттеуін атап кетуге болады [15, 52 б.]. Автор білім алушыларды ұлттық құндылыққа баулуда мұражайға саяхат ұйымдастыруға бағытталған курс әзірлеп, оның тиімділігін дәлелдеген. Виртуалды мұражай әдісін оқу процесінде іске асырудың мүмкіндіктерін Kang және Lin қарастырды [16]. Білім алушылар мұражайдағы мәдени жәдігерлерді көру арқылы қанағаттану сезімдеріне ие болады.

Дегенмен де, бұл зерттеу зерттеу мәселесінің толық бейнесін ұсына алмайды. Зерттеуде мынадай шектеулер бар: әдістемелік семинарда қарастырылатын тақырыптардың мазмұны үлкен көлемді болғандықтан уақыт шектеулі; интерактивті құралдар шектеулі; интернет шектеулі. Бұл шектеулерге қарамастан, біздің зерттеуіміз білім алушылардың ұлттық құндылықтарын цифрлық технологиялар арқылы қалыптастыру мәселесінің зерттеуіне үлес қосады.

Қорытынды. Біз зерттеу барысында цифрлық технологияларды білім алушылардың ұлттық құндылықтарды қалыптастыруда маңызды, әрі тиімді құралдардың бірі ретінде қарастырдық. Ұлттық құндылық ұғымының мәні мен мазмұнына шолу жасалып, анықтама берілді. Оқу процесінде цифрлық технологияларды қолданудың мүмкіндіктері айқындалып, оның тиімді жолдары ұсынылды. Сондай-ақ, ұлттық құндылықтарды цифрлық технологиялар арқылы қалыптастыру мақсатында 12 сағаттан тұратын әдістемелік семинардың бағдарламасы әзірленді. Семинарда ұлттық құндылықтардың кешені, ұлт сардары Ө. Жәнібековтың, ұлт жанашыры жанашыры М. Дулатовтың, Ж. Аймауытовтың ұлттық идеясын дәріптеуде цифрлық технологиялардың тиімділігі, мәдени және тарихи жәдігерлерді насихаттауда виртуалды мұражай турын ұйымдастыру жолдары, ұлттық дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарға арналған контент әзірлеу, мобильді қосымшалар және веб-сайттарды қолдану мәселелері жөнінде ақпараттар талқыланды. Зерттеу мәселесі бойынша төмендегідей ұсыныстар береміз:

- ұлттық дәстүр, мәдениет, тарихқа негізделген құндылық бағдарларын қалыптастыруға ықпал ететін цифрлық технологияларды оқу процесінде жиі қолдану;
- ұлттық құндылықтарды зерделеуге және дәріптеуге бағытталған виртуалды турларды ұйымдастыру;
- мәдени және тарихи жәдігерлерді зерттеуге бағытталған іс-шараларды өткізу;
- ұлттық дәстүрлер мен құндылыққа толы әрі бай контент әзірлеу;
- ұлт жанашырлары туралы деректі фильмдерді көру арқылы шығармашылығы мен қызметін талдау және т.б.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1 Тоқаев Қ.Ж. Әділетті Қазақстан – Адал азамат: Ұлттық құрылтайдың екінші отырысындағы сөйлеген сөзі. Қазақстан Республикасы Президентінің ресми сайты. – 2025. – 13 мамыр. [Электрондық ресурс] URL: <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevty-n-ulttyk-kuryltydyn-adiletti-kazakstan-adal-azamat-atty-ekinshi-otyrysynda-soylegen-sozi-1752959> (Жүгінген күні 21.12.2024).

2 Білім беру ұйымдарында ұлттық құндылықтар негізінде тәрбие жұмысын ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар [Мәтін] / Астана: Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2023. – 404 б.

3 «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 12 желтоқсандағы № 827 қаулысы. [Электрондық ресурс] URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1700000827/compare> (Жүгінген күні 21.12.2024).

- 4 Haleem A., Javaid M., Qadri M.A., Suman R. **Understanding the role of digital technologies in education: A review** [Text] / Haleem A., Javaid M., Qadri M.A., Suman R. // *Sustainable operations and computers*. – 2022. – Т. 3. – pp. 275-285.
- 5 Жумабаева А.Е., Базарбекова Р.Ж., Жұмабаева Ж.А. **Мобильді оқыту технологиясы болашақ педагогтерді ұлттық құндылықтарға баулудың құралы ретінде** [Мәтін] / Жумабаева А.Е., Базарбекова Р.Ж., Жұмабаева Ж.А. // Абай атындағы ҚазҰПУ-ң хабаршысы «Педагогика ғылымдары» сериясы. – 2023. – Т. 79. – №. 3. – 91-108 б.
- 6 Safaqa M. A. L. F. A. **The Role of Digital Media Platforms in Shaping the Values of University Students Youth-Palestine Technical University-Kadoorie as a Case Study** [Text] / M. A. L. F. A. Safaqa // *Dirasat: Human and Social Sciences*. – 2024. – Т. 51. – №. 6. – pp. 139-156.
- 7 Yu S., Niemi H., Mason J. **Shaping Future Schools with Digital Technology** [Text] / S. Yu, H. Niemi, J. Mason. – *An International Handbook*. Springer Publishing Company, 2019. – p. 239 DOI:10.1007/978-981-13-9439-3.
- 8 Atemova K., Kabekeyeva K., Iskakova P., Zhumadullaeva A., Belgibayeva G. **Application of national values in family training of Kazakh people** [Text] / K. Atemova, K. Kabekeyeva, P. Iskakova, A. Zhumadullaeva, G. Belgibayeva // *Journal of Advanced Pharmacy Education and Research*. – 2018. – №8 (4), P. 45-50.
- 9 Жумагулова А.М., Қуантаев Н.К., Каримова Б.З. **Эпос тілі – жастардың ұлттық санасын қалыптастыру негізі** [Мәтін] / А.М. Жумагулова, Н.К. Қуантаев, Б.З. Каримова // *ҚазҰУ Хабаршысы. Филология сериясы*. – 2023. – Т. 189. – №. 1. – 39-47 бб.
- 10 Майлыбаева Л.С. **Болашақ мұғалімдерді оқушыларға патриоттық тәрбие беруге дайындаудың педагогикалық шарттары** [Мәтін]: пед. ғыл. канд. ... дис. автореф.: 13.00.08. / Л.С. Майлыбаева. – Шымкент, 2010. – 24 б.
- 11 Нишанбаева С.З. **Студенттердің отбасы-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру негіздері** [Мәтін]: оқу-әдістемелік құрал / С.З. Нишанбаева – Алматы, 2018. – 76 б.
- 12 Абдуллаев Н.Ш. **Ұлттық құндылықтар арқылы колледж білім алушыларының этнопедагогикалық білімін қалыптастыру** [Мәтін]: пед. ғыл. канд. ... дис. автореф.: 13.00.01. / Н.Ш. Абдуллаев. – Астана, 2010. – 24 б.
- 13 Джонисова Г.К. **Бастауыш мектептің оқу-тәрбие үдерісінде оқушылардың ұлттық құндылық бағдарын қалыптастыру** [Мәтін]: пед. ғыл. канд. ... дис. автореф.: 13.00.01. / Г.К. Джонисова. – Атырау, 2010. – 27 б.
- 14 Rybakov O.J., Gavrilova J.A., Kalashnikova N.A., Falaleeva I.N. **Algorithms of human activity in the digital age: the problem of preserving traditional values** [Text] / O.J. Rybakov, J.A. Gavrilova, N.A. Kalashnikova, I.N. Falaleeva // *"Smart Technologies" for Society, State and Economy* 13. – Springer International Publishing, 2021. – pp. 558-566.
- 15 Умралиева Л.М., Сабырова А.К. **Виртуалды мұражай әдісін қолөнер бұйымдары мен шығармашылық жұмыстарды талдау үдерісінде қолдану** [Мәтін] / Л.М. Умралиева, А.К. Сабырова // *Ясауи университетінің хабаршысы*. – 2023. – Т. 1. – №. 127. – 351-363 бб. DOI:10.47526/2023-1/2664-0686.29.
- 16 Kang J.Y.M., Lin S.H. **Building Three-dimensional Virtual Historic Fashion Museum Exhibitions: From the Perspective of Technology Affordances** [Text] / J.Y.M. Kang, S.H. Lin // *Clothing and Textiles Research Journal*. – 2024. – pp. 1-17. DOI:10.1177/0887302X241257714.

REFERENCES:

- 1 Toqaeв Q.Zh. **Adiletти Qazaqstan – Adal azamat: Ulttyq quriltaydin ekinshi otirysindagi soylegen sozi** [Tokayev K. Zh. fair Kazakhstan-honest citizen: speech at the second meeting of the National kurultai]. *Qazaqstan Respublikasi Prezidentinin resmi sayti, 2025, 13 mamir*. Available at: <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyyn-ulttyk-kuryltaydyn-adiletti-kazakstan-adal-azamat-atty-ekinshi-otyrysynda-soylegen-sozi-1752959> (accessed 21 December 2024). (In Kazakh).
- 2 Bilim беру uiymdarynda ulttyq qundylyqtar negizinde tarbie zhumysyn uiymdastyru boiynsha adistemelik usynyndar [Methodological recommendations on the organization of educational work in educational organizations on the basis of national values]. Astana: Y.Altynsarin atyndagy Ulttyq bilim akademiasy, 2023, 404 p. (In Kazakh).
- 3 «Cifirlyq Qazaqstan» memlekettik bagdarlamasy [State program "Digital Kazakhstan"]. Qazaqstan Respublikasy Ukimetinin 2017 jylgy 12 jeltoqsandagy № 827 qaulysy. Available at: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1700000827/compare> (accessed 21 December 2024). (In Kazakh).
- 4 Haleem A., Javaid M., Qadri M. A., Suman R. **Understanding the role of digital technologies in education: A review**. *Sustainable operations and computers*, 2022, T. 3. pp. 275-285.
- 5 Zhumabaeva A.E., Bazarbekova R.J., Zhumabaeva J.A. **Mobildi oqytu tehnologiasy bolashaq pedagogterdiulttyq qundylyqtarga bauludyn quraly retinde** [Mobile learning technology as a means of

introducing future teachers to national values]. *Abai atyndagy QazUPU-n Habarshysy «Pedagogika gylymdary» seriasy*, 2023, T. 79, no. 3, pp. 91-108. (In Kazakh).

6 **Safaqa M. A. L. F. A. The Role of Digital Media Platforms in Shaping the Values of University Students Youth-Palestine Technical University-Kadoorie as a Case Study. Dirasat: Human and Social Sciences**, 2024, T. 51, no. 6, pp. 139-156.

7 **Yu S., Niemi H., Mason J. Shaping Future Schools with Digital Technology. An International Handbook**. Springer Publishing Company, 2019, 239 p. DOI:10.1007/978-981-13-9439-3.

8 **Atemova K., Kabekeyeva K., Iskakova P., Zhumadullaeva A., Belgibayeva G. Application of national values in family training of Kazakh people. Journal of Advanced Pharmacy Education and Research**, 2018, no. 8(4), pp. 45-50.

9 **Zhumagulova A.M., Quantaev N.K., Karimova B.Z. Epos tili-jastardynulttyq sanasyn qalyptastyru negizi** [The language of the epic is the basis for the formation of national consciousness of young people]. *QazUU Habarshysy. Filologia seriasy*, 2023, T. 189, no. 1, pp. 39-47. (In Kazakh).

10 **Mailybaeva L.S. Bolashaq mugalimderdi oqushylarga patriotttyq tarbie beruge daiyndaudyn pedagogikalyq sharttary** [Pedagogical conditions for preparing future teachers for patriotic education of students]. *Ped. gyl. kand. ... dis. avtoref.: 13.00.08*. Shymkent, 2010, 24 p. (In Kazakh).

11 **Nisanbaeva S.Z. Studentterdin otbasy-adamgershilik qundylyqtaryn qalyptastyru negizderi** [Fundamentals of the formation of family and moral values of students]. *Almaty*, 2018, 76 p. (In Kazakh).

12 **Abdullaev N.Sh. Ulttyq qundylyqtar arqyly kolej bilim alushylarynyn etnopedagogikalyq bilimin qalyptastyru** [Formation of ethnopedagogical knowledge of college students through national values]. *Ped. gyl. kand. ... dis. avtoref.: 13.00.01*. – Astana, 2010, 24 p. (In Kazakh).

13 **Jonisova G.K. Bastauysh mekteptin oqu-tarbie uderisinde oqushylardyn ulttyq qundylyq bagdaryn qalyptastyru** [Formation of national value orientations of students in the educational process of Primary School]. *Ped. gyl. kand. ... dis. avtoref.: 13.00.01*. Atyrau, 2010, 27 p. (In Kazakh).

14 **Rybakov O.J., Gavrilova J.A., Kalashnikova N.A., Falaleeva I.N. Algorithms of human activity in the digital age: the problem of preserving traditional values. "Smart Technologies" for Society, State and Economy. Springer International Publishing**, 2021, pp. 558-566.

15 **Umrallieva L.M., Sabyrova A.K. Virtualdy murajai adisin qoloner buiymdary men shygarmashylyq jumystardy taldaу uderisinde qoldanu** [Application of the virtual museum method in the process of analyzing handicrafts and creative works]. *Yasavi universitetinin habarshysy*, 2023, T. 1, no. 127, pp. 351-363. DOI:10.47526/2023-1/2664-0686.29. (In Kazakh)

16 **Kang J.Y.M., Lin S.H. Building Three-dimensional Virtual Historic Fashion Museum Exhibitions: From the Perspective of Technology Affordances. Clothing and Textiles Research Journal**, 2024, pp. 1-17. DOI:10.1177/0887302X241257714.

Авторлар туралы мәліметтер:

Уристенбекова Гулбану Қауасовна* – педагогика ғылымдарының кандидаты, бастауышта оқыту әдістемесі кафедрасының аға оқытушысы, Ө.Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті, Қазақстан Республикасы, 160012 Шымкент қ., Байтұрсынов көш. 13, тел.: +7-707-788-54-11, e-mail: gulba71@mail.ru.

Кошкарлова Мадина – магистр, педагогика кафедрасының аға оқытушысы, Орталық Азия Инновациялық университеті, Қазақстан Республикасы, 160000 Шымкент қ., Қазақстан Республикасы, Қонаев көш. 13, e-mail: madina.koshkarova@bk.ru.

Жорокпаева Мейрамгуль Досановна – педагогика ғылымдарының кандидаты, жалпы білім беру пәндері кафедрасы доцентінің м.а., Семей медицина университеті, Қазақстан Республикасы, 071400 Семей қ., Абай көш. 103, тел.: +7-778-503-05-34. e-mail: miramgul.zhorakpaeva@mail.ru.

Абилхаирова Жанар Айтбаевна – педагогика ғылымдарының кандидаты, педагогика, психология және бастауыш оқыту әдістемесі ББ қауымдастырылған профессоры, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қазақстан Республикасы, 160013 Қызылорда қ., Әйтеке би көш. 29А, e-mail: Zhan_aa@mail.ru.

Уристенбекова Гулбану Қауасовна* – кандидат педагогических наук, старший преподаватель кафедры методики начального обучения, Южно-Казахстанский государственный университет им. У. Жанибекова, Республика Казахстан, 160012 г. Шымкент, ул. А. Байтұрсынова 13, тел.: +7-705-753-91-50, e-mail: gulba71@mail.ru.

Кошкарлова Мадина – магистр, старший преподаватель кафедры педагогики, Центрально-Азиатский Инновационный университет, Республика Казахстан, 160000 г. Шымкент, ул. Конаев 13, e-mail: madina.koshkarova@bk.ru.

Жорокпаева Мейрамгуль Досановна – кандидат педагогических наук, и.о. доцента кафедры общеобразовательных дисциплин, Медицинский университет Семей, Республика Казахстан, 071400 г. Семей, ул. Абая 103, тел.: +7-778-503-05-34, e-mail: miramgul.zhorakpaeva@mail.ru.

Абилхаирова Жанар Айтбаевна – кандидат педагогических наук, ассоциированный профессор ОП «Педагогика, психология и методика начального обучения», Кызылординский университет имени Коркыт Ата, Республика Казахстан, 160013 г. Кызылорда, ул. Әйтеке би 29 А, e-mail: Zhan_aa@mail.ru.

Urystenbekova Gulbanu Kauassovna – Candidate of Pedagogical Sciences, Senior Lecturer of Department of primary education methodology, Ozbekali Zhanibekov South Kazakhstan Pedagogical University, Republic of Kazakhstan, 160012 Shymkent, 13 Baitursynov Str., tel.: +7-705-753-91-50, e-mail: gulba71@mail.ru.*

Koshkarova Madina – Master, Senior Lecturer of Department of pedagogy, Central Asian Innovation University, Republic of Kazakhstan, 160000 Shymkent, 13 Konayev Str., e-mail: madina.koshkarova@bk.ru.

Zhorokpayeva Meiramgul Dossanovna – Candidate of Pedagogical Sciences, acting Associate Professor of the Department of general education disciplines, Semey Medical University, Republic of Kazakhstan, 071400 Semey, 103 Abai Str., tel.: +7-778-503-05-34, e-mail: miramgul.zhorakpaeva@mail.ru.

Abilkhairova Zhanar Aitbayevna – Candidate of Pedagogical Sciences, Associate Professor of the “Pedagogy, psychology and primary education methodology” educational program, Korkyt Ata Kyzylorda University, Republic of Kazakhstan, 160013 Kyzylorda, 29A Aiteke bi Str., e-mail: Zhan_aa@mail.ru.